

ЕСКЕРТКІШТЕР ЕЛДІҢ РУХЫН КӨТЕРДІ

Шілде айының соңғы күндерінде Екібастұз қаласында екі бірдей ескерткіш орнатылды. Бірі-Абай көшесіндегі орталық аурухана алдында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевқа, екіншісі-№22 гимназия мектебінің алдында “қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болуды” армандаған ақиық ақын С.Торайғыровқа арналған ескерткіш-бюст. Ескерткіштердің ашылуына мұрындық болған- қалалық әкімдік.

● Ұлыларға тағзым



Абай келді

Абай келді қалама, хакім Абай,
Бар заманда қазаққа жақын
Абай.
Ол өзімен бақ пен құт ала келді,
Кейбіреудей тас болып қатып
қалмай.
Бүлкілдейді көмейі
даналықтан,
«Есей!» дейді, - арылып
балалықтан.
Өсек, өтірік, мақтаншақ, мал
шаппақтан
Арылса озар қазағым сан
халықтан».
Абай келді қалама, Ақын келді,
Ессізге де ес берер Ақыл келді.
Енді ұрпағың білімнен күні
қиер,
Іші-сырты тұтастай алтын

зерлі.
Абай келді, уа, жұртым, қуан
енді,
Көп тілеген тілекті құдай
берді.
Тәуелсіздік тұғыры берік болар,
Ел басына қара күн тумайды
енді.
Ескерткішін Абайдың ырым
еттім,
Аиқандаймын мен бүгін сырын
көктің.
Көкірегіме сыйғандай бүкіл
әлем,
Қуанғаннан жүректің жырын
төктім.

**Аманкелді Қаңтарбаев,
Екібастұздың құрметті
азаматы**



Рымбектің фотосы

Ашығын айтсақ, Екібастұз қала мәртебесін алған жарты ғасырдан астам уақыттың ішінде екі-ақ қазақ азаматына ескерткіш орнатылыпты. Кеңестер Одағы кезінде мұндай құрметке ие болған жалғыз азамат - алғаш рет кен орнын тапқан Қосым Пішенбаев екен. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары қаланың игі жақсылары қазақтың біртуар ұлы, ғұлама ғалым Қаныш Сәтпаевтың есімі берілген Екібастұз инженерлік-техникалық институтының алдына академиктің еңселі ескерткішін орнатты.

Ұлтымыздың ұлы мұраты жолында аянбай еңбек еткен тұлғаларды ұлықтау дәстүрі араға бірнеше жылдар са-

лып, қала басшысы қызметіне Н.Нәбиев келгелі қайта жанданды.

Халқымыздың ардақты ұлдарының тұлғасын сомдауға жергілікті суретші-мүсіншілер Баян Қайышышева мен Ақертіс Солтанбаев тартылды. Сондай-ақ қаланың келбетіне көрік қосатын ескерткіш-бюсттер іскер азаматтар: Елтай Арбиев, Жұмажан Елгелдин, Табылды Қарашашев, Әлібек Қуанышев, Қайрат Ибраев, Нұрлан Жүнісов, Асқар Махамбетов және Тамара Байханованың демеушілік көмегімен орнатылуда.

Алғашқы сомдалған М.Әуезовтің ескерткіш-бюсті Әуезов көше-

сінің бойында орнатылса, классик акын Абай Құнанбаевтың мүсіні орталық аурухана жанындағы тұғырға қонды.

Абай ескерткіш-бюстінің ашылуына халық көп жиналды. Бұл күні өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған кеншілер қаласына төрт бірдей /таяу арада акын-композитор Естай Беркімбаевтың ескерткіш-бюсті қосылады/ тарихи тұлғаның мүсінін орнатуға себепші болған Нұрлан Абзалұлына деген елдің ризашылығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

(Соңы 6-бетте)

ЕСКЕРТКІШТЕР ЕЛДІҢ РУХЫН КӨТЕРДІ



Рымбектің фотосы

(Басы 1-бетте)

Көк жамылғы сыпырылып, Абай бейнесі жарқ еткенде, тұрғындар Абайдың өзімен қайта қауышқандай әсер алды. Көтеріңкі көңіл күйде тұрған халық Абай өлеңдерін нақышына келтіре оқыған оқушылар Нұргүл Дүсіпованың, Жібек Батырованың өнерлерін жылы қабылдады.

Абай рухына тағзым еткен көпшілік ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Мүсіндерді сомдауда көп еңбек еткен Баян Қайнышева да жұртшылықтың ықыласына бөленді.

“Біткен іске сыншы көп” демекші, осы арада “Абай ескерткішіне неліктен аурухана тұсы таңдалды екен?” “Аурухананың тұсына медицинаға үлес қосқан тұлғалардың ескерткішін неге қоймасқа”, “Абай мен аурухана еш үйлеспейді”, “Абай бейнесі өзіне келіңкіремейді” дегендей сын-ескертулер де айтылып қалды.

Кейбіреулердің өзара күнжілін құлағымыз шалып қалған біз ел көңіліндегі сауалдарды ой талқысына салып көрдік. Біздің пафымызша, ескерткіштің орны таңдалғанда, алдымен оның күтімі ескерілген сияқты. Өйткені, мемлекеттік мекеменің жанындағы ескерткіштердің оқшау тұрған мүсіндерге қарағанда еш бүлінбей, ұзақ сақталатынын көзіміз көріп жүр.

Ал екінші сауалды мүсінші Баян Қайнышеваға жеткізгенімізде ол: “Біз мүсінді сомдағанда Абайдың әр жылдары түрлі кейіпте түскен бірнеше суреттерін пайдаландық. Соның ішінде халыққа көбірек

танымал болған фотосуреті бойынша осы мүсін сомдалды”, - деп жауап берді.

22 шілдеде қаламызда тағы бір тарихи оқиға орын алды. С.Торайғыров атындағы гимназия-мектебінде көзі тірісінде Ахмет Байтұрсынұов “қазақтың екінші Абайы” деп баға берген ақиық ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровқа бюст орнатылды. Бюстті салтанатты түрде ашу құрметіне қала әкімі Н.А.Нәбиев және осы мектептің үздік оқушысы, С.Торайғыров атындағы стипендияның иегері Марат Мұқанов ие болды.

“Құйрықты жұлдыздай жарқ еткен” Сұлтанмахмұт бейнесін сомдауға мүсіншінің көп тер төккені байқалады. Басын сол жаққа қарай әнтек бұрған ақынның өр рухы білім іздеген оқушыларға сәт сапар тілеп тұрғандай. Ақынның жанындаған жастық шағы, албырттығы әрі ойлы көзқарасы парасатты жүзінде айқын көрініс тапқан.

Ескерткіштің басында сөз ашқан мектеп директоры Гүлнәр Кеңесқызының сөзіне қарағанда, алдағы жылы оқушылар арасында С.Торайғыров оқулары ұйымдастырылмақшы. Сөйтіп, жақсы бастама игілікті іспен жалғасын таппақ. Бәрекедді!

Кешегі мен бүгінгінің алтын көпірі іспетті бұл ескерткіштер ұлтымыздың рухын көтерді.

Ендеше тарихымыз бен әдебиетімізді, мәдениетіміз бен дәстүрімізді қастерлейтін азаматтарымыздың да шоқтығы биік болсын!

Дария ЖҰМАДІЛОВА